

№1 педагогикалық кеңесінде қаралды  
«18 қыркүйек» 2024 жыл



Бекітемін  
КМКК «Жас терек» бөбекжайының  
директоры  
А.Б. Избасарова

## КМКК «ЖАС ТЕРЕК» БӨБЕКЖАЙЫНЫҢ КЕҢЕС БЕРУ ПУНКТИ ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕ

### ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕ

- 1.1. Балалардың ата-аналарына (заңды өкілдеріне) арналған кеңес беру пункт үйде тәрбиеленетін мектепке дейінгі жастағы балалар, мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың жалпы білім беретін бағдарламаларын іске асыратын КМКК «Жас терек» бөбекжайының базасында ұйымдастырылады.
- 1.2. Кеңес беру пункт мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың жалпы білім беретін бағдарламаларын іске асыратын мектепке дейінгі білім беру ұйымының құрылымдық бөлімшесі болып табылады.
- 1.3. Кеңес беру пункт мектепке дейінгі ұйымдарға бармайтын 5 жасқа дейінгі балалардың ата-аналары (заңды өкілдері) үшін құрылады.
- 1.4. Осы ереже кеңес беру пунктердің қызметін реттейді.
- 1.5. Кеңес беру пункттер мектеп жасына дейінгі балаларды тәрбиелеу мен дамытуда отбасына көмек көрсетудің бір түрі болып табылады.
- 1.6. Кеңес беру пункттердің қызметі мектепке дейінгі ұйымы мен баланың ата-аналарының (заңды өкілдерінің) өзара міндеттемелері туралы келісім - шартқа (1 қосымша) сәйкес өтеусіз негізде жүзеге асырылады.

### 2. КЕҢЕС БЕРУ ПУНКТИ ЖҰМСЫНЫҢ МАҚСАТТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ

- 2.1. Ата-аналарға (заңды өкілдерге) арналған кеңес беру пункттің жұмысы мектеп жасына дейінгі балаларды үйде тәрбиелеп отырған отбасыларға көмек көрсетуді қамтамасыз етуге бағытталған. Мектеп жасына дейінгі балаларды үйде тәрбиелеп отырған отбасыларға консультациялық және әдістемелік көмек көрсету.
- 2.2. Негізгі міндеттері :
  - мектеп жасына дейінгі баланың жан-жақты дамуы мәселелері бойынша атааналарға (заңды өкілдерге) әдістемелік көмек көрсету, мектеп жасына дейінгі балаларды әлеуметтендіруге ықпал ету ;
  - ата-аналарға (заңды өкілдерге) бір жастан бастап бірінші сыныпқа қабылданғанға дейін балаларды тәрбиелеу, оқыту мәселелері бойынша консультациялық көмек көрсету;
  - ата-аналарға (заңды өкілдерге) диагностикалық көмек көрсету, мектеп жасына балалардың дамуындағы мәселелерді анықтау және диагностикалау;

- мектеп жасына дейінгі балалардың дене бітімі, психологиялық және әлеуметтік дамуындағы әртүрлі ауытқулардың алдын алу;
- мектеп жасына дейінгі балаларды үйде тәрбиелеп отырған ата-аналарға (заңды өкілдерге) ақпараттық қолдау көрсету;
- тәрбиеленушінің толыққанды дамуын қамтамасыз ету үшін отбасымен тығыз ынтымақтастық орнату болып табылады.

### **3. КЕҢЕС БЕРУ ПУНКТ ҚЫЗМЕТІН ҰЙЫМДАСТЫРУ**

3.1. Кеңес беру пункттің қызметі шеңберінде:

- диагностикалық көмек беру
- баланы психологиялық-педагогикалық зерделеу, бала тұлғасының жеке ерекшеліктері мен бейімділігін, оның әлеуетті мүмкіндіктерін айқындау, сонымен қатар дамуындағы, әлеуметтік бейімделуіндегі бұзушылықтардың себептері мен тетіктерін анықтау, баланы одан әрі дамыту және тәрбиелеу бойынша ұсынымдар әзірлеу;
- консультациялық көмек беру - психологиялық, әлеуметтік, педагогикалық консультация беру, ата-аналарды (заңды өкілдерді) бала дамуының физиологиялық және психологиялық ерекшеліктері, тәрбиенің негізгі бағыттары, күйзеліс жағдайларын еңсеру туралы хабарлар ету;
- әдістемелік көмек беру - ата-аналарды (заңды өкілдерді) ағарту, ата-аналарды туындайтын отбасылық мәселелердің алдын алуға, ата-аналардың педагогикалық мәдениетін қалыптастыруға, отбасында жағымды қарым-қатынастарды қалыптастыруға бағытталған педагогикалық әдістер мен тәсілдер туралы хабарлар ету; ата-аналарды отбасы жағдайында тәрбие процесін ұйымдастыруға, үйретуге бағытталған баланың жеке даму ерекшеліктері негізінде түзету және дамыту технологияларымен таныстыру.

3.2. Кеңес беру пункт қызметінің негізгі нысандары: ата-аналардың (заңды өкілдердің) сұранысы бойынша қажетті жеке және топтық консультациялар беру, жазбаша өтініш бойынша сырттай консультация беруді ұйымдастыру, ата-аналар (заңды өкілдер) үшін дәрістер, теориялық және практикалық семинарларды ұйымдастыру, мектепке дейінгі ұйымның сайтына орналастыру арқылы консультациялар мен әдістемелік ұсынымдар беру, балабақша мамандарының мектеп жасына дейінгі балаларға диагностикалық зерттеу жүргізуі болып табылады.

3.3. Кеңес беру пункттің қызметін тіркеу үшін келесідей құжаттаманы жүргізу қажет:

- ата-аналардың алдын-ала жазылу журналы;
- өткізілген іс-шаралар кестесі және ата-аналардың (заңды өкілдерінің) өтініштерін есепке алу журналы ;
- кеңес беру пункттің жұмыс жоспары;
- кеңес беру пункттің жұмыс кестесі,
- жыл бойғы жұмысты талдау.

3.4. Кеңес беру пункттің жұмыс кестесін мектепке дейінгі ұйымның басшысы бекітеді.

### **4. КЕҢЕС БЕРУ ПУНКТТІ БАСҚАРУ ЖӘНЕ БАСШЫЛЫҚ ЕТУ**

4.1. Кеңес беру пунктке тікелей басшылықты мектепке дейінгі ұйымның басшысы жүзеге асырады.

4.2. Мектепке дейінгі ұйымның басшысы кеңес беру пункттің әрбір қызметкерінің лауазымдық (функционалдық) міндеттерін айқындайды.

### **5. КЕҢЕС БЕРУ ПУНКТИҢ БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНЕ ҚАТЫСУШЫЛАРДЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ**

5.1. Кеңес беру пункттегі педагогикалық процестің қатысушылары балалар, ата-аналар (заңды өкілдері), мектепке дейінгі ұйымның педагогтері болып табылады.

5.2. Кеңес беру пункттің педагогтері:

- ата-аналар арасында педагогикалық білімді белсенді тарату;
- балаларды тәрбиелеуде отбасына тәжірибе арқылы көмек көрсету;
- ата-аналарды педагогикалық қызметіне тарту;
- балалармен диагностикалық және түзету жұмыстарын жүргізу.

5.3. Кеңес беру пункт педагогтері:

- жеке-бағдарланған тәсіл негізінде балалармен сабақ бағдарламасын әзірлеуге;
- жұмыста қажетті әдістемелік әдебиеттер мен оқу құралдарын қолдануға;
- кеңес беру пункт жұмыс жоспарын құруға;
- ата-аналарды балалармен жұмыс істеуге белсенді қатысуға тартуға;
- балалармен және олардың ата-аналарымен жұмыс істеу үшін бағдарламалар мен әдістемелік құралдарды таңдауға құқығы бар.

5.4. Ата-аналар (заңды өкілдер):

- кеңес беру пункт жұмыс тәртібін сақтауға;
- кеңес беру пункт педагогтерінің ұсынымдарын орындауға міндетті.

5.5. Ата-аналардың (заңды өкілдер):

- кеңес беру пункт жұмысына қатысуға;
- балалардың сабағына қатысуға;
- бала тәрбиесі мен дамуына байланысты қажетті көмек алуға;
- ұсынымдар беруге, құқығы бар